

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТҮРІК-ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ
РЕГЛАМЕНТІ**

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қолдану аясы, негіздемесі және қысқартылған сөздер

Мақсаты

1-бап. (1) Бұл регламенттің мақсаты; Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, қызметтерін, органдарымен қатар тәртібі мен негіздерін белгілеу болып табылады.

Қолдану аясы

2-бап. (1) Бұл регламент; Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, қызметтерін, органдарымен қатар тәртібі мен негіздерін қамтиды.

Негіздемесі

3-бап. (1) Бұл регламент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Түрік-қазақ университеті Жарғысының 5 (ғ), 8 (б) және 15-інші бабына сәйкес дайындалды.

Қысқартылған сөздер

4-бап. (1) Бұл регламентте қолданылған қысқартылған сөздер төмендегідей:

- a) Алқа Кеңесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының Алқа Кеңесі;
- b) Институт: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты;
- c) Институт директоры: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры;
- d) Институт хатшысы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық түрік-қазақ Университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының хатшысы;
- e) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті ректоры;
- f) Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті ректораты;
- g) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті ректорының бірінші орынбасары;
- h) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті;
- i) Басқару Кеңесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының Басқару кеңесі мағынасын білдіреді.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

Институттың мақсаты мен қызметтері

Институттың мақсаты

5-бап. (1) Балқандардан Моңғолияға дейін созылған территорияны қамтитын Еуразия өңірі және осы аймақта тығыз шоғырланған Түркі тілдес халықтар мен қауымдастықтардың тарихи, әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық құрылымы тұрғысынан ғылымдараралық ғылыми зерттеулерін жүргізу, осы алаңда жобаларды жоспарлау мен қолдау көрсету, осы өңірдің тарихи және мәдени мирасын сақтау мен қорғауға, аймақтық бейбітшілік пен ынтымақтастық негіздеріне үлес қосу болып табылады.

Институттың қызметтері

6-бап. (1) Институттың қызметтері төмендегідей:

a) Еуразия өңірі және Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардың тарих, археология, дін, философия, әлеуметтану, тіл, мәдениет, өнер, экономика, байланыс (коммуникация), технология, саясат және халықаралық байланыстар тұрғысынан ғылымдараралық ғылыми зерттеудерді жүргізу, осы алаңда жобалар дайындап, қолдау көрсету;

b) Түркі тілдес мемлекет пен қауымдастықтардың ортақ мақсаттары бойынша аймақтық бейбітшілікті сақтау және ынтымақтастықты нығайту жолында стратегияларды дамыту, осы мақсатта ғылыми база қалыптастыру;

c) Әлемде осыған ұқсас зерттеу жұмыстарды жүргізген ғылыми мекемелермен бірге ортақ жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру;

d) Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардың мүше болған аймақтық және халықаралық құрылымдарымен бірге ынтымақтастық негізінде жобалар дайындау;

e) Тақырыптары ғылыми зерттеу алаңына сәйкес болған магистратура, докторантура студенттері мен зерттеушілерге шәкіртақы тұрғысынан көмек беру;

f) Курстар ұйымдастыру,

g) Есеп, бюллетень, журнал және кітаптар басып, деректі фильм, фильм, цифрлық мәліметтер дайындау;

h) Институт тарапынан немесе институттың қолдауымен жасалған жұмыстарды қоғамға (жұртшылыққа) танытуды қамтамасыз ету;

i) Отандық және халықаралық ғылыми жиналыстар мен оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру;

j) Жұмыс алаңына кіретін тақырыптар бойынша сыйлық беру.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Институттың органдары мен қызметтері

Институттың органдары

7-бап. (1) Институттың орталығы Түркістанда, алайда институт орталықтан тысқары жерлерде де қызметтерін атқара алады.

(2) Институт төмендегі органдардан тұрады:

a) Институт Директоры

b) Басқару Кеңесі



- c) Ақылдасу Кеңесі
- d) Жұмысшы Топтары

Институт директоры

8-бап. (1) Университет ректоры мен ректор өкілінің шешімімен үш жылға тағайындалады. Жұмыс мерзімі аяқталған институт директоры, қайтадан қызметке тағайындалу құқығына ие. Институтқа дәл осындай тәртіпке сәйкес директордың орынбасары тағайындалады. Институт директоры жұмыс орнында болмаған кездері, оның қызметін директор орынбасары атқарады.

Институт директорының қызметтері

9-бап. (1) Институт директорының қызметтері төмендегідей:

- a) Жылдық және үш жылдық даму стратегиялық жоспарын, институттың жұмыс жоспарын және жұмыс есебін дайындап, Басқару Кеңесіне ұсыну;
- b) Басқару Кеңесін жиналысқа шақыру, жиналысқа төрағалық ету және жиналыста қабылданған шешімдерді орындау;
- c) Институттың атынан өкіл ету, академиялық қызметтері мен басқару жұмыстарын жүргізу;
- d) Отандық және халықаралық ғылыми құрылымдар мен зерттеу және практикалық орталықтармен ынтымақтастық қатынастарын орнату арқылы институттың мақсатына сай жобаларды дайындауды қамтамасыз ету;
- e) Жариялануға ұсынылған зерттеулер мен ізденістерді Басқару Кеңесіне ұсыну;
- f) Басқару Кеңесі тарапынан институт мақсатына сәйкес берілген басқа да міндеттерді орындау.

Басқару Кеңесі

10-бап. (1) Басқару Кеңесі, университет ректор) мен ректор өкілінің ортақ шешімімен тағайындалған төрт мүше мен институт директорынан құралады. Басқару Кеңесі мүшелерінің қызмет мерзімі үш жыл. Қызмет мерзімі аяқталған мүшелер қайтадан тағайындалуы мүмкін. Қызметінен босаған Басқару Кеңесі мүшесінің орнына қалған мерзімді аяқтау үшін алғашқы тағайындау барысында қолданылатын негіздер шеңберінде жаңа мүше тағайындалады.

(2) Басқару Кеңесі, институт директорының шақыруымен кем дегенде екі айда бір рет жиналады. Қажет болған жағдайда институт директоры, Басқару Кеңесін төтенше жиналысқа шақыра алады. Басқару Кеңесі жиналысына Институт Директорын қоса кем дегенде үш мүше қатысуы тиіс. Шешімдер көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар бірдей болған жағдайда, Төрағаның дауысы екі дауыс болып есептелінеді.

Басқару Кеңесінің қызметтері

11-бап. (1) Басқару Кеңесінің қызметтері төмендегідей:

- a) Институттың басқаруы мен жұмыстары туралы шешім қабылдау;
- b) Жұмыс топтарын құру және олардың жұмыстары бойынша нұсқаулар дайындау;
- c) Отандық және халықаралық мекемелермен ынтымақтастық негіздері мен бағыттарын белгілеу;
- d) Жылдық жұмыс бағдарламасын бекіту;



e) Институттың ғылыми жұмыстары мен жұмыс топтарына байланысты және колдау сұраныстары бойынша шешім қабылдау;

f) Зерттеу, магистратура және докторантура жұмыстарына берілетін шәкіртақылары туралы шешім қабылдау;

g) Ұйымдастырылатын курстар, оқу бағдарламалары, жиналыстар мен басылатын жарияланымдар жөнінде шешім қабылдау;

h) Берілетін сыйлықтардың негіздерін белгілеу.

Алқа кеңесі

12-бап. (1) Институт мақсатына сәйкес Басқару Кеңесі тарапынан тағайындалған жұмыс істейтін маман және зерттеушілерден құралады. Бұл мүшелер басқа да елдерден тағайындалуы мүмкін. Ақылдасу Кеңесі мүшелерінің қызмет мерзімі үш жыл.

(2) Ақылдасу Кеңесі, атқарған қызметтері туралы мәлімет беру және ой-пікірлерін алу үшін институт директорының шақыруымен жылда бір рет жиналады. Институт Директоры күн тәртібіне қарай Ақылдасу Кеңесінің қажетті мүшелерін жиналысқа шақырады.

Жұмысшы топтары

13-бап. (1) Институт директорының ұсынысы және Басқару Кеңесінің бекітуімен Институттың зерттеу, жоба мен оқыту т.б. жұмыстарын іске асыру мақсатында жұмысшы топтары құрылады. Құрылған топтар, белгіленген мақсаттарға сәйкес топ мүшелері арасынан сайланған Төрағаның жауапкершілігі шеңберінде тұрақты немесе белгілі бір мерзім көлемінде қызметтерін атқарады.

(2) Жұмысшы топтары институт директоры алдында жауапты. Әр жылдың аяғында Институт Директорына атқарған қызметтері туралы жазбаша түрде мағлұмат береді.

(3) Жұмысшы топтары, Түркістанда немесе басқа да қалалар мен елдерде құрыла алады.

(4) Институт директорының ұсынысы мен Басқару Кеңесінің бекітілуімен қызмет мерзімі аяқталған немесе қажеттілігі қалмаған жұмысшы топтарының қызметтері тоқтатыла алады.

Институт хатшысы

14-бап. (1) Институт хатшысы, институт директорының ұсынысымен Басқару Кеңесі тарапынан тағайындалады. институт хатшысы институттың әкімшілік және қаржы жұмыстарын жүргізеді.

Институт қызметкерлері

15-бап. (1) Институттың академиялық, әкімшілік және техникалық қызметкерлері Институт Директорының ұсынысымен Басқару Кеңесі тарапынан тағайындалады. Институт қызметкерлері 2 маман, 1 хатшы, 1 кітапханашы, 2 қызметші, 1 шофер және қажет болған жағдайда шәкіртақы төленетін зерттеушілерден тұрады.



ТӨРТІНШІ БӨЛІМ Соңғы және басқа да ережелер

Қаржылық ережелер

16-бап. (1) Институт бюджеті университет бюджетінен бөлінген қаржы мен заң шеңберіндегі қаржы көздері мен қайырымдылық көмектен құралады.

(2) Институттың жылдық бюджеті Басқару Кеңесі тарапынан дайындалады және Өкілетті Кеңес тарапынан бекітіледі.

(3) Басқару Кеңесі мүшелеріне Университет ережелеріне сәйкес жол шығындары және тәуліктік төлемдер төленеді. Университеттен тыс мекемелерден тағайындалған кезде, Басқару Кеңесінің ұсынысы мен университет ректоры және ректор өкілінің бекітуімен белгілі мөлшерде ақы төленеді.

Өзге де ережелер

17-бап. (1) Осы регламентте қарастырылмаған мәселелер бойынша Университет ережелері негізге алынады.

Күші жойылған регламент

18-бап. (1) Бұл регламент өз күшіне енген күннен бастап 05/11/2009 жылғы Өкілетті Кеңес 35-мәжілісінде (шешім № 6.1) қабылданған "Еуразия зерттеу институтының регламенті" өз күшін жояды.

Күшіне ену

19-бап. (1) Бұл регламент 2012 жылы 01 шілдеде өз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

20-бап. (1) Бұл регламент университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 02/ 06 / 2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.4

